

ЕДІГЕ ЖЫРЫ – ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ МҰРАСЫ**Екпін Рәнә**rana_97.kz@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ «Түркітану» кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекші: Ү.Ә. Мұсабекова

Едіге Құтлу Набанұлы 1352-1419 жылдар аралығында Қаратаудың теріскей бетіндегі Құмкент шаһарында туып, ғұмыр кешкен әйгілі би. «Едіге» жырының басты кейіпкері Едіге — өмірде болған адам. Оның өмірбаянын Еуропа тарихшылары, араб тарихшылары жазып қалдырған. Орыс жылнамаларында бар. Тарихшылардың айтуынша, ол 1352 жылы туып, 1420 жылы өлген. Едіге Тоқтамыс ханның, Ақсақ Темірдің тұсында өмір сүрген. Тоқтамыс, Ақсақ Темір жөнінде көп жазылған. Бұл үшеуі де «Едіге» жырының кейіпкері. Тоқтамыс Алтын Орданы 18 жыл басқарған. Міне, осындай қаһарман адам кейін аңызға айналып, содан «Едіге» жыры туған. «Едіге» эпосы – Алтын Орда дәуіріндегі ата-бабаларымыздың кейінгіге қалдырған үлгі-өсиеті, асыл аманаты. Күні кеше ғана күркіреп тұрған мемлекетін, рухани бірлігін, тұтастығын, басынан ұшқан бағын жоқтауы, жан даусы, имандай сыры.

«Едіге» жыры — түркілердің жыры. Қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек, түрікмен және басқа түркі халықтарына ортақ жыр. Кешегі кеңестік дәуірде тыйым салғанға дейін осы халықтардың бәрі жырлаған. Тек қазақтың өзінде 14 нұсқасы бар. Негізінен Шоқан, Нұрым, Нұртуған нұсқалары кең тараған. Шоқан нұсқасы 1400 жол ғана. Ең көлемдісі қарақалпақта — 16328 жол. Мұны Қияс нұсқасы деп атайды. Олардағы Өтенияз нұсқасы 14 мың жолға жақын. Нұсқаның көлемі ғана емес, саны жөнінен де «Едіге» жыры бірінші орында тұр. 50-ге тарта нұсқасы бар екен түркі халықтарында. Осы асыл мұраның баға жетпес үлгісі ретінде ұлы Шоқан есімімен байланысты «Едіге» жырын ерекше атап өту керек. Қазақтың бұл жыры түркі халықтары арасындағы Едіге туралы бар жырлардың ішінен көркемдік жағынан болсын ең құндысы деп танылған. Ғылымда бұл жыр Шоқанның классикалық нұсқасы аталған «классический текст Валиханова»). Бұл жырды «... «Едігені» тұғыш рет тарихи-филологиялық тұрғыдан қарастырып зерттеген, аударып әлемдік ғылым алдына шығарған Шоқан болды. Шоқаннан кейінгі уақытта жырды П.М.Мелиоранский, В.М.Жирмунский зерттесе, М.Әуезов, Қ.Сатбаев, С.Сейфуллин, А.Орлов, А.Самайлович әр кезде әртүрлі пікірлерін айтқан.

Ноғайлы жырларының ішінде Шоқанның ерекше мән бере қараған жыры – «Едіге» жыры. «Едіге» жырының Алтын Орда тарихына қатысты нақты тарихи уақиғалардан өріс алғандығын байқаймыз. Оның тарихи негізі – Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен Ноғайлы биі Едігенің араздасып, жауласу тарихы.

«Едіге» жырының тарихи негіздеріне байланысты В.М.Жирмунский: «В основе эпических сказаний об Идиге лежат исторические события, относящиеся к концу XIV – началу XV в., периоду усиливающегося политического распада Золотой Орды и утверждения на Востоке мировой державы Тимура (Тамерлана) с центром в Средней Азии» - деген пікір айтады.

Қазақ әдебиеті зерттеушілерінің кезінде «Едіге батыр» жырына көңіл бөлмегені, ол туралы азды-көпті сөз қозғамағаны кемде-кем. Көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың жыр туралы арнаулы мақаласында да осы тұста еске түсіру орынды. Ол жырдың бес түрлі нұсқасын салыстыра қарап, олардың өзара кейбір айырмашылықтарын да, ортақ желілерінде анықтайды, әуел баста Тоқтамыс пен Едіге және оның балалары арасындағы соғыстар жеке-жеке дастан ретінде айтылып, кейін келе ұмытылған болуы мүмкін деген болжам айтады.

Алғаш рет 1820 жылы зерттеуші Григорий Спасский «Сибирский вестник» деген журналда жариялаған. Атақты Жирмунский тереңірек зерттеп, «Сказание об Едиге» деген еңбек жазған. 160 беттік көлемді туынды, бірақ оның 30 шақты беті ғана Едігеге арналған. Ол кісі көп білген ғой, бірақ саясаттың ынғайына қарай тереңдей алмаған. Тек жырдың нұсқалары мен басылымдарын, жырдың әртүрлі типологиялық ұқсастықтарын қараған.

«Едіге» жыры хақында әр заманда құнды пікірлер айтқан Ш.Уәлиханов, П.М.Мелиоранский, В.В.Жирмунский сияқты ғалымдар болды. Тәуелсіздіктен соң Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Е.Мағауиннің ғылыми еңбектері шықты. Едіге жыры түркі халықтарының әрқайсысында бар. Мәселен, қазақ нұсқасындағы 14 варианттың әрқайсысы әртүрлі. Сол секілді түркі тектес халықтардың «Едіге» жырлары да ерекшеліктерімен көрінеді. Бірақ негізгі ұстын сақталаған. Бәрінде де айналып келгенде, «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді. Ел шетіне жау келсе, мен барайын дер еді» болып келеді. «Еділ тоңса кім өтпес, Едіге өлсе кім келмес» дейді. Халықтың жоқтауы ғой. Едіге өлгесін Алтын Орда ыдырады, жау қаптады. Ал Едігенің тұсында сыртқы жаулардың ешқайсысы бата алмаған.

«Едіге» – тарихи эпос емес, әйтсе де, туындының тууына өткен дәуірдегі оқиғалардың үлкен ықпал еткеніне күмән келтіруге болмайды. Тарихи оқиғалар эпостың ауқымына түскен соң оның заңдылығына орай қайта қорытылатыны да, өзгеше күйге еніп, жаңаша жасалатыны да рас. Эпостың қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ тіліндегі нұсқалары кейде толық, енді бірде үзінді түрінде жарияланып келе жатқанына да ғасырдың жүзі болды. Ал жырдың мазмұнымен көркемдік бітімі жайында арнайы зерттеулер мен мақалалардың өзі үлкен шоғыр. «Едіге батыр» жыры өкінішке қарай қазақтың өзгеде бір сыпыра жырлары тәрізді советтік идеологияға қайшы келіп, соңғы жарты ғасыр ішінде ол туралы зерттеу түгілі қысқа жазбалар да жазылған жоқ.

Қазіргі күні «Едіге» жырының оңтүстіктегі Түрікмен, Өзбек Республикаларынан бастап, Сібір татарларына дейінгі түркілер арасында барлығы, сондай-ақ Түркия мен Румыния жерлеріндегі түркілерде сақталғаны айқын болып отыр. Сондықтан бұл эпикалық шығарманың табиғатын терең танып, зерделеп шығу үшін оны тек қазақ халқы мұрасы аясында, тар ауқымда тексеру жеткіліксіз. Жырдың тарихи негіздерін ғылыми тұрғыдан саралап ашуға алғаш қадам жасаған қазақтың бір туар ғалымы Шоқан Уәлиханов еді. «Джир Идыге по событиям относится к концу XIV в., должно быть составлен в начале XV в. Это доказывається многими старинными словами и оборотами, которых теперь нет в языке», – деп, мұндағы тарихи оқиғалардың XIV ғасырда өтіп, туындының XV ғасырда пайда болғанын негізді түрде көрсетеді. Эпостағы басты қаһарманның тарихи Едіге екендігін алғаш айтқан да қазақ оқымыстысы еді. Ол жөнінде Шоқан: «Самый замечательный исторический джир киргизский – это «Идыге», тот самый Идыге, Эдеку, Идигей, о котором говорится в ярлыке Тохтамыша, тот самый бек, мангар и темник, который разил Витовта при Ворскле и управлял ордой безотчетно при четырех ханах», – дей келіп, «Существование Идыге, несомненно, как существование Тохтамыш-хана и Тамерлана. Оно подтверждается не только народными преданиями, но и письменными фактами. Ибн-Арабшах говорит об Идыге, что он был одним из дьяволов Тамерлана. В хрестоматии Хальфина (изданной в Казани) находится родословная Идыге, составленная по преданиям казанских татар», – деп, көп нәрсенің бетін ашады [1]. Ғалым бұнымен шектелмей Едігеге қатысты аңыздарды, жер атауларын, сол дәуірде өмір сүрген ерлердің аты-жөнін көрсетеді. Едігенің жеке басына байланысты деректер қарама-қайшалыққа толы. Эпостың татарша нұсқасында да қарт Бодай би Едігені Еділ бойындағы Булгарияға Ақсақ Темірді ертіп келгені үшін кінәлайды.

XX ғасыр басындағы қазақ білімпазы һәм тарихшысы Мұхамеджан Тынышбаев та «Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге» атты зерттеу еңбегінде жырдағы Едіге мен тарихтағы Едіге мәселесіне талдау жасай келіп: «Өмір Темірдің Шағатай ұлысында істегенін Едіге Жошы ұлысында істемекші боп он төрт жыл ел биледі. Едігенің балалары, немерелері ол жолды ұстап, әрқайсысы әр ханға уәзір болып, бір-бірімен атыстырып, шабыстырып отырып, Алтын Орданың берекесін де кетірді, түбіне де жетті. Сонымен Алтын Орда бытырап, жоғалуына бірінші себепкер болған – Едіге, оның үрім-бұтағы. Ертегі Едігені жер-суға сыйғызбай, қанша жоғары көтерсе, тарих жолында тоз-тоз болып құрып кеткен Жошы ұлысының көзімен қарағанда, бұ жұртқа жаманшылық істегендердің арасында Едігеден асқаны жоқ» дейді [2]. Яғни, Едігені кінәлау ғалымдардың зерттеулерінде де бар екен.

Кейінгі ғалымдар ішінде Р.Бердібайдың тарихи Едігеге қатысты көзқарастары да өңкей мақтаудан тұрмайды. Ол өзінің «Едіге батыр» жыры туралы» дейтін зерттеуінде «Өмір

Темірдің құлағын көтеріп, оны Тоқтамысқа қарсы айдап салуда Едігенің әрекеті ерекше болған», «Темірдің 1395 жылы Солтүстік Кавказ жерінде Алтын Орда әскерін қырып салуы да, сол өңірдегі көп елдерді ойсыратып кетуі де оның Тоқтамысқа өштігінен шыққан. Мұндай сойқанның да ішінде Едігенің мансап есебі жүргені шүбәсіз», – дейді [3] Едігені біреулер кінәлайды, екінші біреулер асыра дәріптейді. Кінәлаушылар оны Алтын Орданы құлатушыға шейін апарады. Екі жақтың да сүйенетін тарихи негіздері бар: ескіден қалған жылнамалар, ілгерідегі тарихшылар айтқан пікірлер бар. Академик В.М.Жирмунский де «Едіге» эпосы әуелде ноғайлар арасында пайда болды, содан сыртқа тараған деген пікір ұстанады. Одан бұрын зерттеген Радлов пен Мелиоранский де осындай пікірде.

«Едіге батыр» жыры қазақтарда ғана емес, түркі тілдес халықтардың біразында кездеседі. Жырда тарихи оқиғалар мен эпостық-ертегілік сарындағы қиял-ғажайып, әсірелеу сарындары араласа келеді. Эпоста тарихта есімдері мәлім Әмір Темір, Тоқтамыс хан жайлы да сөз болады. Жыр қазақ даласына кең тарап, халықтың сүйікті шығармасына айналған. Жырдың қазақ тілінде бірнеше нұсқасы бар. Қазіргі күні «Едіге» жырының оңтүстіктегі түрікмен, өзбек елдерінен бастап, Сібір татарларына дейінгі түркілер арасында барлығы, алыс-жақындағы елдер Түркия мен Румыния жерлеріндегі түркілерде сақталғаны айқын болып отыр. Қырықтан астам нұсқасы бар. Олардың кейбіреулерінің көлемі он бес-он алты мың жолға жетеді. Сондықтан бұл эпикалық шығарманың табиғатын терең танып, зерделеп шығу үшін оны тек қазақ халқы мұрасы аясында, тар ауқымда тексеру жеткіліксіз. Академик Қ.И.Сәтбаев жас кезінде ел аузынан жазып алған жыр нұсқасын 1927 ж. Мәскеуде «Ер Едіге» деген атпен бастырды[5]. Ол осы жыр үшін кейін, 1950 ж. құғынға ұшырады. «Едіге батыр» жыры жарты ғасырға жуық уақыт баспа бетін көрмеді. 1989 ж. «Қазақ халық әдебиеті» көп томдығының батырлық жырларға арналған топтамасында Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» циклі бойынша «Едіге» жыры 5-томда жарияланды. Сәтбаев жариялаған жыр нұсқасы 1995 ж. «Ер Едіге» деген атпен қазақ және орыс тілдерінде жеке кітап болып жарық көрді. 1996 ж. ғалымдар Р.Бердібайдың алғы сөзімен және О.Ә.Нұрмағамбетованың құрастыруымен «Едіге батыр» жинағы басылды.

«Едіге» жыры — түркілердің басын қосатын, бірлігін нығайтатын, өткен тарихын білдіретін жыр. Түркі халықтарының бірлігі болса, экономика дамиды, мәдениеті жақындасады, өзара байланыс күшейеді. Қаһармандық эпостың мақсаты нақтылы бір кезеңнің, сол дәуірдегі тарихи тұлғалардың бастарынан өткен оқиғаларда тізіп көрсету емес, жалпы адами мәселелерді – жақсылық пен жамандықтың күресін, зұлымдықтың түбінде адам баласына опа бермейтінін, ізгіліктің жеңісін, адалдықтың салтанат құратынын, т.б. адамзат бар жерде болатын мәңгілік мәселелерді халықтың арманына сәйкес бейнелеу екені де белгілі. Әйтсе де, эпостың өткен тарихи оқиғаларды тізбелемегенімен, оның ұлы сарынынан адаспайтын даналығы «Едігеден» көрініп тұр. Әлбетте, көптеген қаһармандық эпостардан өткен тарихи оқиғалардың, тарихты жасаған адамдардың бейнесін іздеу мүмкін емес. Ал бертіңгі белгілі тарихи кезеңдерді бейнелейтін шығармалардың жағдайы бір басқа. Оларда өмірде анық болып өткен оқиғалардың, нақтылы адамдардың іздері азды-көпті елес беріп отырады[6]. «Едігеге» зор тағылымдық, танытқыштық қуат беріп тұрған да қиялдағы емес, тарихтан орын алған, халықтық санада өшпестей болып таңбаланған Едігені көзбе-көз көрген, замандасы Ибн-Арабшахтың дерегінде «Едіге — өзінің табиғатында бейбітшілік сүйгіш, әділетті, халыққа мейірімді адам болған. Ораза, намазын қаза қылмаған. Шарифат амалдарын орындай жүріп, ғылым-білім, өнер туралы кітаптарды да жиып, оқып-біліп отырды. Сөзін тыңдайтын достары мол еді», делінеді. Тарихи деректерде Едігенің елді соғыссыз, бейбіт жағдайда ұстауға күш салғандығы айтылады.

1991 жылдың қоңыр күзінде Ставрополь өлкесіндегі, Дағыстан, Чечен-Ингуш, Астрахан облысы, қарашай-шаркештегі ноғайлы халқы «Ер Едіге» жырының, сондай-ақ, Едіге негізін қалаған Ноғай Ордасының 600 жылдық мерейтойын үлкен мереке ретінде атап өткенін баспасөзден оқыдық. Халық жүрегінде ұялаған Едіге – тек ноғайлы жұртына ғана емес, барлық түркі халықтарына да ортақ, етене жақын халық батыры. Оның ерен ерлікке толы өмір жолы мен халқы үшін жасаған жанқиярлық еңбегі түркітектілердің ұрпағына ғасырлар

бойы үлгі болып қала бермек. «Едіге» туралы әр түрлі уақытта жазылған пікірлер біркелкі емес, әр қилы. Жырдың тарихилығы ғана емес, типологиясы, поэтикасы жеріне жете сарапталған деп айту қиын. Тіпті жанрлық сипаты туралы да анық тұжырым жоқ, бірде тарихи жыр ретінде, келесіде дастан, үшіншісінде тарихи дастан есебінде қарастырылады. «Едіге» – 1944-1947 жылға дейін түркі халықтары ішінде татар, ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түрікмендерге аса кеңінен танылған туынды. Қазіргі күні қырықтан астам нұсқасы бар, олардың кейбіреулерінің көлемі он бес-он алты мың жолға жетеді. Қазақ арасындағыларына мысал етіп Шыңғыс сұлтан Уәлиханов қазақтың белгілі жыршы ақындарынан жаздыртып алған жырды, Әубәкір Диваев бастырған «Мырза Едіге» жырын, Г.Н.Потанин бастырған[7]Эпостың архаикалық нұсқалары мен кейінгі классикалық нұсқаларының болуы, ұлттық нұсқаларының молдығы түркілердің эпикалық дәстүрінің даму динамикасын білуге, ерекшеліктерін ашуға зор үлес қосады. Себебі ғылымда әр түрлі халықтардағы ортақ құбылысты салыстыра зерттеу жалпы заңдылықты анықтайтыны бұрыннан мәлім. Сондықтан осы уақытқа дейін жүзеге аспай келе жатқан эпостың ұлттық версияларын тәуелсіз көзқарас тұрғысынан салыстыра оқыту да, біздіңше, мейлінше көкейкесті болып көрінеді.

Тарихи Едіге – көзі тірісінде-ақ аңызға айналған адам. Бүгінгі ұрпаққа жеткен жыр-дастандар және түрлі аңыздар мен әңгімелер кемеңгер көсемнің өзі өмір сүрген кезінде қалыптаса бастаған. Едіге туралы ертегі әңгімелер, қисса жырлар түркі халықтарының арасында кең тарап кеткен. Ғылымға қағаз бетіне түскен отыздан астам нұсқасы белгілі. Олардың зерттелмеген нұсқаларын аударып, ұлт игілігіне ұсыну қазіргі ұрпақтың міндеті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Том 5. – Алматы: Главная редакция казахской советской энциклопедии. 1985,с.297.
2. Тынышбаев М. Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге // «Сана» журналы, № 2-3. 1924 ж,38-45-б].
3. Бердібай Р. «Едіге батыр» жыры. //«Әлем». № 1, 1990,275-б].
4. Тынышбаев М. Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге // «Сана» журналы, № 2-3. 1924 ж
5. Кенжебаев Б. «Едіге батыр жыры» туралы. «Әбедиет және искусство» 1940, 7-8 сандар)
6. Сикалиев А. Ногайский героический эпос. –Черкесск, 1994. – 328 б.
7. «Живая старшина» вып. III, IV 1897 ж) аңыз әңгімелерді, «Едіге» жырын келтіруге болады.